

ӘБ отырысында қаралды: Р.К.  
ӘБ жетекшісі: Кульбаева Р.К.  
№ 1 хаттама  
«27» тамыз 2021 жыл

Келісілді: Т.Т.  
Оқу ісінің меңгерушісі  
Таласбаева Т.Т.  
«30» тамыз 2021 жыл

Бекітілді: Н.С.  
«Сарысай орта мектебі» КММ  
директоры Нурмуханов Н.С.  
«31» тамыз 2021 жыл



9 сыныпқа арналған

**«Ақтөбе қаласының географиясы»**

*(вариативтік компонент, аптасына – 1 сағат)*

Пән мұғалімі: Таласбаева Т.Т.

2021 – 2022 оқу жылы

**БАҒДАРЛАМА  
ҚАЛАЛАР ГЕОГРАФИЯСЫ**

9-сынып оқушыларына арналған (аптасына 1 сағат, барлығы 34 сағат)

**Түсінік хат**

**Курстың өзектілігі:**

Қазақстандық білім беру мен ғылым жүйесін жаңғыртудың қазіргі заманғы кезеңі әрбір адамның сапалы мектепке дейінгі тәрбие мен мектептегі білімге қолжетімділігін, колледж бен университетте жаңа кәсіби дағдыларды алу, зерттеу және шығармашылық құзыреттерін дамыту мүмкіндіктерін көздейді. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында «Орта білім беру жүйесі міндеттерінің бірі ретінде белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру» атап көрсетілген. Осы тұрғыдан келгенде, үздіксіз білім беру жүйесінің базалық буыны болып саналатын жалпы орта білім беру мектептерінің оқушыларына саналы тәртіп пен сапалы білім беріп, туған жерінің табиғатын қорғайтын мәдениетті тұлға етіп қалыптастырудағы атқарар рөлі үлкен екені даусыз.

Қазіргі заманғы әлемде білім беру тұрақты болашаққа негізделген динамикалық әлеуметтік ортада өзін-өзі табысты жүзеге асыру үшін ойын дамытуға ықпал ететін, білім алушылардан терең теориялық білімді ғана емес, сонымен қатар шығармашылықты да талап етеді. Ол әлеуметтік-экономикалық қоғам өмірінің барлық салаларындағы өзгерістерді түбегейлі қамтиды және мектептің алдына білім берудің «білімге бағдарланған» тәсілінен «тұлғаға бағдарланған» тәсілге көшу мәселелерін қояды. Осыған байланысты, қазіргі заманғы мектепте білім берудің негізгі міндеттерінің бірі, жанаша ойлау ғылыми-зерттеу іс-әрекеті дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Осы міндеттерді жүзеге асыру үшін оқу үдерісінде көбірек шығармашылық элементтерін қолдану қажет. Яғни, шығармашылық таным үрдісінде өз бетінше ғылыми-зерттеу ізденістерінің түрлері қамтылуы тиіс.

Шығармашылықты зерттеу ізденістері кез-келген мамандықтың ажырамас бөлігіне айналып отыр. Осыған байланысты оқушыны ғылыми-зерттеу іс-әрекеттеріне баулу, оларды зерттеушілік білік пен дағдыға үйрету заманауи білім берудің маңызды міндеттерінің бірі болып отыр. Міндетті пәндер шеңберінде және сабақтан тыс уақытта оқушылардың зерттеу іс-әрекеттерін ұйымдастыру үшін педагогикалық алғышарт жасау Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында көрсетілген негізгі талаптардың бірі болып табылады.

Еліміздің кез-келген қаласын оқып үйрену елді мекеннің тарихы, табиғаты, әлеуметтік-экономикалық жағдайы (халқы, демографиясы, шаруашылық салалары, мәдени өмірі), қоршаған орта жағдайы секілді кең ауқымды мәселелерін қамтиды. Туған өлкені жан-жақты оқып үйрену төменде көрсетілген кестеде жүйеленген кешенді мазмұндық блоктардан тұрады:

| ҚАЛАНЫҢ ТАРИХЫ                          |                                          |                                   |                        |
|-----------------------------------------|------------------------------------------|-----------------------------------|------------------------|
| Қаланың зерттелу тарихы                 | елді-мекеннің тарихи қалыптасу кезеңдері | Шаруашылық салаларының қалыптасуы | Қала құрылысының дамуы |
| ТАБИҒАТ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ РЕСУРСТАРЫ         |                                          |                                   |                        |
| Қаланың географиялық орнымен жер бедері | Климаты                                  | гидрографиясы                     | ландшафттары           |

| ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ӨМІРІ    |                                                           |                                                |
|----------------------------|-----------------------------------------------------------|------------------------------------------------|
| Әкімшілік аумақтық бөлінуі | Адам капиталының дамуы                                    | Мәдени және рухани дамуы                       |
| ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ       |                                                           |                                                |
| әкімшілік аумақтық бөлінуі | өнеркәсіп салалары және негізгі экономикалық көрсеткіштер | туризм саласының жағдайы және туристік әлеуеті |
| ҚОРШАҒАН ОРТА ЖАҒДАЙЫ      |                                                           |                                                |
| Қоршаған орта жағдайы      | Шаруашылық қызметтің қоршаған ортаға әсері                | Қоршаған ортаға зиянды заттардың таралуы       |

Аталған мазмұндық блоктың негізгі бағыты Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласындағы «Прагматизм», «Туған жер» ұғымдарымен де сәйкеседі. Яғни, оқушыларға сабақтан тыс уақыттарда өзінің туған жері туралы мағлұматтар беріп, тұлға ретінде дамуына жағдай жасау. Мұны біз факультативтік сабақтар арқылы жүзеге асыру қажет деп таптық.

Факультативтік сабақтағы оқушылардың іс-әрекеттері ғылыми ізденіс біліктері мен дағдыларын дамытуға бағытталған. Оқушыларды ғылыми-зерттеу іс-әрекеттеріне тарту арқылы олардың қоршаған ортасын танып білудегі шығармашылық танымдылығы жүзеге асады. Ғылыми-зерттеу біліктерін дамыту үшін оқу үдерісін оқушылардың өз бетінше ғылыми ізденіс жасауына, жобалық бағыттағы іс-шараларды ұйымдастыруға негіздеу қажет. Сонда мұғалім мен оқушының байланысы сабақтастықта дамиды болады. Осы ретте, қалалардың даму үрдістерін географияда оқытудың бағдарламалық үлгісі (тақырыптық-күнтізбелік жоспары) жасалды. Бағдарламалық үлгі сабақтан тыс уақыттарда факультативтік сабақтар түрінде орындалады. Бұл үлгіні еліміздің қалалары мен өңірлерін оқытуда да пайдалануға болады.

**Курстың мақсаты:** оқушыларға сабақтан тыс уақыттарда өзінің туған жері туралы мағлұматтар беріп, тұлға ретінде дамуына жағдай жасауды көздейді.

#### Курстың міндеті:

- Қазақстан қалаларын кешенді оқып үйрету;
- елді-мекендердің тарихы, табиғаты, әлеуметтік-экономикалық жағдайы (халқы, демографиясы, шаруашылық салалары, мәдени өмірі), инфрақұрылымының инновациялық салалары, қоршаған орта жағдайы секілді кең ауқымды мәселелерді қамту;
- аумақтық шаруашылық құрылымындағы және кеңістіктік қоныстанудағы қалалар ролін көрсету;
- қалалар географиясы туралы білімді күнделікті өмірде, өз істәжірибесінде пайдалану дағдыларын қалыптастыру.

#### Тұрақтылау (мазмұндық) бөлімі

«Қалалар географиясы». элективті курсының мазмұндық бөлімі.

### I БӨЛІМ. ҚАЛАНЫҢ ТАРИХЫ

Бұл бөлімде бірнеше бөлімшелер қарастырылған. Бөлімше тақырыптары бөлімнің толық мазмұнын ашып, түсінікті етіп жасалуға негізделген. Бөлімше тақырыптар ретімен орналастырылып жүйелі әрі әр тақырыптарды байланыстыра отырып құрылған. «Қалалар тарихы» атты бөлімде оқушылар қаланың зерттелу тарихы мен тарихи қалыптасу кезеңдеріне теориялық талдау жасайды.

**Бөлімнің негізгі мақсаттары:** Оқушылар тарихи құжаттардағы және ғылыми әдебиеттердегі қаланың зерттелуіне қатысты деректермен танысады. Ғалымдар еңбектеріне тарихи қалыптасу және даму кезеңдеріне теориялық талдау жасайды. Шаруашылық салаларының қалыптасуы: тарихи аспектілер. Қала құрылысының дамуына баға береді.

(сағат саны 4 сағат)

1. Тарихи құжаттардағы және ғылыми әдебиеттердегі қаланың зерттелуіне қатысты деректер. Ғалымдар еңбектері. Тарихи қалыптасу кезеңдері. Тарихи қалыптасу және даму кезеңдеріне шолу жасау.
2. *Тәжірибелік жұмыс №1.* Қала географиясы қалыптасуының негізгі тарихи кезеңдеріне талдау жасау. Қаланың географиялық орталық ретінде құрылу себептерін түсіндіру. Қала құрылысы

туралы идеялары. Қала географиясының қалыптасу кезеңдеріне теориялық талдау жасап, деректер базасын құру.

3. **Шаруашылық салаларының қалыптасуы: тарихи аспектілер. Қала құрылысының дамуы.** Шаруашылық салаларының тарихи аспектілері: дәстүрлі салалар, жаңа салалар, жоғары технологиялар салалары. Шаруашылық салаларының динамикасы. Жұмыс күшінің көші-қоны. Қала құрылысының дамуы.

4. **Тәжірибелік жұмыс №2. Қала микрогеографиясы. Жобалаудың негіздері.** Қаланың экономикалық-географиялық жағдайының қала дамуындағы рөлі: байланыстар және ерекшеліктер. Қала аумағын құрылымдық зоналарға жіктеу. Қала аумағын ландшафттық жоспарлау.

## **II БӨЛІМ. ТАБИҒАТ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ РЕСУРСТАРЫ**

2-бөлім, бірнеше бөлімшелерден құралған. Бөлімшелер бөлімнің мазмұнын аша отырып, түсінікті етіп құрастырылған. Қаланың ландшафт құраушы компоненттеріне: географиялық орнынан басталып, жер бедері, геологиялық және тектоникалық құрылымы, климаты, гидрографиясы, топырақ-өсімдік жамылғысы және жануарлар дүниесіне толықтай тоқталады.

**(сағат саны 10 сағат)**

5. **Географиялық орны. Жер бедері.** Қаланың географиялық орны: ерекшеліктерімен танысу (артықшылықтары мен кемшіліктері).

6. **Қала орналасқан аумақтың жер бедері.** Жер бедерінің тұрғындарға әсері. Бедер қалыптастырушы эндогендік және экзогендік факторлардың әсері.

7. **Геологиялық және тектоникалық құрылымы.** Геологиялық және тектоникалық құрылымы. Тау жыныстары. Пайдалы қазбалары: шаруашылық дамуындағы рөлі. Тектоникалық құрылымы.

8. **Тәжірибелік жұмыс №3.** Геологиялық және тектоникалық құрылымы бойынша жіктеу. Тау жыныстарын анықтау, жергілікті жерде кездесетін минералдарына талдау жасау, Кескін картаға геологиялық картасын түсіру.

9. **Климаты.** Климат құрушы факторлар. Атмосфералық ауа температурасы, жауын - шашын. Қар жамылғысы. Желдің соғу бағыттары мен жел өрнегі. Күн сәулесінің мөлшері.

10. **Тәжірибелік жұмыс №4.** Теориялық білімін практикада пайдалану, климаттық картаны пайдалана отырып қаланың жылдық орташа температурасын, жауын - шашын мөлшерін және қар жамылғысының түсу мөлшерін анықтау. Жергілікті жердің күн, жел энергия көздерін пайдалану мүмкіншіліктерін анықтау.

11. **Гидрографиясы.** Гидрографиясы: өзен-көлдері, жер асты сулары. Климаттық жағдайдың және су ресурстарын экономиканы дамытуда тиімді пайдалану мәселелері.

12. **Тәжірибелік жұмыс №5.** Жергілікті өзен торларын анықтап, гидрографиялық талдау жасау. Өзен суларын шаруашылықта пайдалану. Энергия көзі ретінде су ресурстарын пайдалану мүмкіншіліктерін анықтау.

13. **Топырақ-өсімдік жамылғысы және жануарлар дүниесі.** Топырақ түрлері. Географиялық таралуы. Құрамы мен қасиеттері: генезисі және даму тарихы. Өсімдік жамылғысы: мәдени және табиғи түрлері. Ерекшеліктері. Сирек кездесетін өсімдіктер. Жануарлар дүниесі. Топырақ өсімдік жамылғысының экологиялық жағдайлары.

14. **Тәжірибелік жұмыс №6.** Қазақстанның топырақ картасын пайдалану арқылы жергілікті жердің топырақ түрлерін анықтау. Құрамы мен қасиеттерін, қара шірінді (гумус) мөлшерін анықтау. Фауна-флорасы бойынша жіктеу. Табиғи-экологиялық мониторинг құрастыру.

## **III БӨЛІМ. ӘЛЕУМЕТТІК МӘДЕНИ ӨМІРІ**

3-ші бөлім тақырыптары ретімен орналастырылып жүйелі әрі әр тақырыптарды байланыстыра отырып құрылған. Қала халқы және демографиясы. Көші-қон мәселесі. Діни және ұлттық құрамы. Адам капиталының дамуы. Қаланың мәдени және рухани өмірі. Жалпы Алматы қаласының халқына, әлеуметтік өміріне талдау жасалады.

**(сағат саны 8 сағат)**

15. **Қала халқы және демографиясы.** Халық саны, діни және ұлттық құрамы. қоныстану тығыздығы.

16. **Тәжірибелік жұмыс №7.** Қала халқының өзгерісіне тарихи-географиялық баға беру. Статистикалық мәліметтерді пайдаланып қала халқының санын ұлттық құрамын анықтау. Қала халқының өсу динамикасын түсіру.

17. **Көші-қон мәселесі. Діни және ұлттық құрамы.** Халықтың туу көрсеткіштері: өлім-жітімі және табиғи өсімі. Халықтың жынысы және жасына қарай бөлінуі. Некелер мен ажырасулар және некелесу мен ажырасудың жалпы коэффициенттері. Еңбек нарығы. Халықаралық және өңір аралық көші-қон. Құқық бұзушылық.

18. **Тәжірибелік жұмыс №8.** Урбандалу: негізгі түсініктер. Агломерациялық қоныстану. Мегаполис. 1991-2021 ж.ж. қала халқының динамикасын бейнелеу. Диаграммаға еліміз бойынша урбандалу көрсеткіштерін бейнелеу. Агломерациялардың кеңістіктік орналасуын түсіндіру. Карта-сызбалардағы қала шоғырының ең жоғары және ең төменгі аудандары.

19. **Адам капиталының дамуы.** Әлеуметтік капитал. Білім беру жүйесінің жағдайы. Орта білім беру ұйымдары. Жоғары білім беру ұйымдары. Кәсіптік білім беру. Ғылыми зерттеу ұйымдары. Ғылыми кластер. Технопарктер. Денсаулық сақтау ұйымдарының жағдайы.

20. **Тәжірибелік жұмыс №9.** Қаланың білім беру орталықтарымен танысу. Ғылыми зерттеу орталықтары мен технопарктеріне экскурсиялық саяхат жасау.

21. **Қаланың мәдени және рухани өмірі.** Қаланың мәдениет саласы. Мәдени-рухани орындар: театрлар, мұражайлар, кітапханалар, діни ғибадатханалар. Мәдениет географиясы. Қоғам жаңғыруындағы рөлі.

22. **Тәжірибелік жұмыс №10.** Қаладағы мәдени және рухани нысандарға танымдық мақсатта экскурсиялық саяхат.

#### **IV БӨЛІМ. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ**

Бұл бөлімде қаланың экономикалық даму теориясына талдау жасайды. Алматы қаласын болашақтың қаласы ретінде даму стратегиясымен танысады. Қала экономикасы. Өнеркәсіп салалары. Қала дамуының болашақ көрінісі. Туристік әлеуетіне баға береді.

**(сағат саны 8 сағат)**

23. **Қала экономикасы. Өнеркәсіп салалары. Экономикасы.** Жалпы өңірлік өнім. Қала экономикасының мамандануы. Өнеркәсіп салалары. Инженерлік инфрақұрылымы. Функционалдық зоналар. Инвестициялық тартымдылығы. Қаржы жүйесі. Көлік қызметі. Кәсіпкерліктің дамуы. Экономикалық жаңғырту.

24. **Тәжірибелік жұмыс №11.** Қаланың мамандану секторымен танысу. Басты ерекшеліктерін түсіндіру. Еліміз бойынша қаланың ЖӨӨ-дегі үлесін анықтау. Қаланың даму тенденцияларына баға беру. Экономикалық-географиялық жағдайдың өнеркәсіпті орналастыруға тигізер әсеріне тоқталу.

25. **Қала дамуының болашақ көрінісі.** Индустриялық-инновациялық дамуы. Экономиканың бәсекеге қабілеттілігі. Постиндустриялық қалалар.

26. **Тәжірибелік жұмыс №12.** Қала дамуының теориялық негіздері. Болашақтың қаласы (Future City). Қаланың тұрақты дамуының көпфакторлы моделін құрастыру. Заманауи жағдайына талдау жасай отырып, даму бағыттарын анықтау. Экоқала (Eco-city), Ақылды қала (Smart city), Сандық қала (Digital city), Жайлы қала (Liveable city) қалыптастырудың және дамытудың негізгі ұстанымдары. Әлемдік тәжірибеден мысалдар келтіру, артықшылықтарын талдау. Салыстырмалы талдау жасау. Жаһандық қалалар тобы – әлемдегі жаһандандудың және экономиканың орталығы ретінде.

27. **Туристік әлеуеті.** Мұражайлар (тарихи, өлкетану, ашық аспан асты, мемориалдық мұражай- үйі және т.б.). Архитектуралық нысандар. Мәдени-ағарту және спорттық нысандар.

28. **Тәжірибелік жұмыс №13.** Танымдық мақсатта туристік нысандарға экскурсиялық саяхат. Қаланың туристік қызмет көрсету нарығының әлеуметтік - экономикалық аспектілерін дамытудың стратегиялық бағыттарын анықтау.

29. **Туристік әлеуеті.** Рекреациялық сауықтыру мақсатындағы нысандар (саябақтар, арасандар, шипажайлар). Тарихи-рухани орындар. Ерекше қорғалатын табиғи-географиялық нысандар. Табиғат ескерткіштері.

30. **Тәжірибелік жұмыс №14.** Алматы қаласының туристік нарығын дамытудың болашағына талдау жасау.

#### **V БӨЛІМ. ҚОРШАҒАН ОРТА ЖАҒДАЙЫ**

Агломерация орталығы ретінде қаланың экологиясына кері әсер етуші проблемаларға тоқталады. Экологиялық мониторинг жүргізеді. Қоршаған ортаны ортаны қалпына келтіру, жасылдандыру бойынша теориялық білімдерін толықтырады.

**(сағат саны 4 сағат)**

31. **Қала экологиясы.** Қала халқының өсуіне байланысты мәселелер. Ірі өнеркәсіптер, зауыттар мен комбинаттар. Автокөліктердің көбеюі. Қоршаған ортаға зиянды заттардың шығарылуы: а) тұрмыстық қалдықтардың жинақталуы; б) өндірістік орындардың қалдықтарымен ластануы.

32. **Тәжірибелік жұмыс №15.** Экологиялық мониторинг жүргізу. Қоршаған ортаға зиянды заттардың шығарылуы: а) тұрмыстық қалдықтардың жинақталуы; б) өндірістік орындардың қалдықтарымен ластануы. Қоршаған ортаны ластайтын ірі өнеркәсіп орындарының жұмысымен танысу. Оқушылардың табиғатқа көзқарасы.

33. **Қоршаған ортаны сауықтыру.** Қоршаған ортаны сауықтырудың алғышарттары.

34. **Қорытынды қайталау.** Элективті курс бойынша өтілген тақырыптарды қайталау. Курс барысында жинақталған білімдерін пысықтау. Білім алу барысында қарастырылған тақырыптар негізінде білімдерін жетілдіру. Курс кезінде терең меңгерген білімдерін әртүрлі өмір жағдайаттарында қолдану. Сынақ тапсыру арқылы алған білімдерін қорытындылау.

**Нормативті бөлім**

9-сынып

| Р/С                                                                              | Бөлім<br>Бөлімше<br>Тақырып                                                  | Оқу мақсаты                                                                                                                                                                                                                    | Сағат саны  |        |          | Білім<br>өнімі                                                             | Мерзімі                          |
|----------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------|--------|----------|----------------------------------------------------------------------------|----------------------------------|
|                                                                                  |                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                | Барл<br>ығы | Лекция | Тәжірибе |                                                                            |                                  |
| I бөлім. Қаланың тарихы Барлығы 4 сағат: теория 2, тәжірибе 2                    |                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                |             |        |          |                                                                            |                                  |
| 1.1                                                                              | Кіріспе. Қаланың зерттелу тарихы. Тарихи қалыптасу кезеңдері                 | Тарихи құжаттардағы және ғылыми әдебиеттердегі қаланың зерттелуіне қатысты деректер. Ғалымдар еңбектері. Тарихи қалыптасу және даму кезеңдері                                                                                  | 2           | 2      |          | Кіріспе сабақ (баяндау және түсіндіру)                                     | 06.09.<br>13.09.                 |
| 1.2                                                                              | Шаруашылық салаларының қалыптасуы: тарихи аспектілер. Қала құрылысының дамуы | Шаруашылық салаларының тарихи спектілері: дәстүрлі салалар, жаңа салалар, жоғары технологиялар салалары. Шаруашылық салаларының динамикасы. Жұмыс күшінің көші- қоны. Қала құрылысының дамуы                                   | 2           |        | 2        | Семинар сабақ (оқушының білімін тереңдету)                                 | 20.09<br>27.09                   |
| II бөлім. Табиғат жағдайы және ресурстары Барлығы 10 сағат: теория 6, тәжірибе 4 |                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                |             |        |          |                                                                            |                                  |
| 2.1                                                                              | Географиялық орны. Жер бедері                                                | Қаланың географиялық орны: ерекшеліктерімен танысу (артықшылықтары мен кемшіліктері). Қала орналасқан аумақтың жер бедері. Жер бедерінің тұрғындарға әсері. Бедер қалыптастырушы эндогендік және экзогендік факторлардың әсері | 2           | 2      |          | Экскурсиялық саяхат(баяндау, қоршаған ортамен таныстыру , далалық зерттеу) | 04.10<br>11.10                   |
| 2.2                                                                              | Геологиялық және тектоникалық құрылымы                                       | Геологиялық және тектоникалық құрылымы. Таужыныстары. Пайдалы қазбалары: шаруашылық дамуындағы рөлі. Тектоникалық құрылымы                                                                                                     | 2           | 1      | 1        | Семинар сабақ (оқушының білімін тереңдету)                                 | 18.10<br>25.10                   |
| 2.3                                                                              | Климаты. Гидрографиясы                                                       | Климат құрушы факторлар. Атмосфералық ауа температурасы. Жауын – шашын. Қар жамылғысы. Желдің қайталану бағыттары мен жел өрнегі. Күн сәулесінің мөлшері. Гидрографиясы: өзен-көлдері, жер асты                                | 4           | 2      | 2        | Экскурсиялық саяхат(баяндау, қоршаған ортамен таныстыру                    | 08.11<br>15.11<br>22.11<br>29.11 |

[illegible]

|                                                                                       |                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |   |   |   |                                                                                                         |                                        |
|---------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---|---|---|---------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------|
| 4.1                                                                                   | Қала экономикасы. Өнеркәсіп салалары. Қала дамуының болашақ көрінісі | Жалпы өңірлік өнім. Көпбейінді және монобейінді қалалар. Қалаэкономикасының мамандануы. Өнеркәсіп салалары. Инженерлік инфрақұрылымы. Функционалдық                                                                                                                                                                                                                                                | 4 | 2 | 2 | Аралас сабақ (оқушының білімін тереңдету,                                                               | 21.02<br>28.02                         |
|                                                                                       |                                                                      | зоналар. Инвестициялық тартымдылығы. Қаржы жүйесі. Көлік қызметі. Кәсіпкерліктің дамуы. Экономикалық жаңғырту. Индустриялық-инновациялық дамуы. Экономиканың бәсекеге қабілеттілігі. Постиндустриялық қалалар                                                                                                                                                                                      |   |   |   | қаладағы ірі өнеркәсіп орындарына саяхат)                                                               | 07.03<br>14.03                         |
| 4.2                                                                                   | Туристік әлеуеті                                                     | Мұражайлар (тарихи, өлкетану, ашық аспан асты, мемориалдық мұражай-үйі және т.б.). Архитектуралық нысандар. Мәдени-ағарту және спорттық нысандар. Рекреациялық сауықтыру мақсатындағы нысандар (саябақтар, арасандар, шипажайлар). Тарихи-рухани орындар. Ерекше қорғалатын табиғи-географиялық нысандар. Табиғат ескерткіштері.                                                                   | 4 | 2 | 2 | Экскурсиялық саяхат (қаладағы және маңындағы тарихи географиялық маңызы бар туристік нысандарға саяхат) | 04.04<br>11.04<br>18.04<br>25.04       |
| <b>V бөлім. Қоршаған орта жағдайы</b><br><b>Барлығы 4 сағат: теория 2, тәжірибе 2</b> |                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |   |   |   |                                                                                                         |                                        |
| 5.1                                                                                   | Қала экологиясы. Қоршаған ортаны сауықтыру                           | Қала халқының өсуіне байланысты мәселелер. Ірі өнеркәсіптер, зауыттар мен комбинаттар. Автокөліктердің көбеюі. Қоршаған ортаға зиянды заттардың шығарылуы: а) тұрмыстық қалдықтардың жинақталуы; б) өндірістік орындардың қалдықтарымен ластануы. Қоршаған ортаны ластайтын ірі өнеркәсіп орындарының жұмысымен танысу. Оқушылардың табиғатқа көзқарасы. Қоршаған ортаны сауықтырудың алғышарттары | 4 | 2 | 2 | Экскурсиялық саяхат, ғылыми жобалау жұмыстары                                                           | 02.05<br>08.05 16.05<br>16.05<br>23.05 |

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

#### *Негізгі әдебиеттер*

1. Лаппо Г.М. География городов / Лаппо Г.М. – М.: Гуманитар. изд. центр «Владос», 1997. 479 с.
2. Пивоваров Ю.Л. Основы геоурбанистики / Пивоваров Ю.Л. – М.: Гуманитар. изд. центр «Владос», 1999. 231 с.
3. Лэндри Ч. Креативный город. М., 2005.
4. «Эволюционная урбанистика Казахстана XX и XXI веков: картографическое и сетевое моделирование, социально-демографическая динамика, экологическая история». Авторский коллектив: И.А. Яшков, А.В. Иванов, А.О. Багаутдинова, Т.Н. Виноградова, М.В. Горемыко, О.В. Кольцова, В.В. Макаров А.Е. Храмов, А.К. Шардако. – Москва: Университетская книга, 2017. 216 с.
5. Каймулдинова К.Д., Бейкитова А.Н. Қалалар географиясы. – Алматы: Абай ат. ҚазҰПУ, Ұлагат баспасы. 2014. – 80 б.

#### *Қосымша әдебиеттер*

1. Перцик Е.Н. Города мира. География мировой урбанизации. – М. Издательство: «Международные отношения», 1999. 384 с.
2. Хорев Б.С. Проблемы городов. – М., 1975. 428 с. 3. Ионина Н.А. Сто великих городов мира. – М.: изд. «Вече 2000», 2003.
4. Семенов В. Т., Штомпель Н. Э. Устойчивое развитие мегаполисов. Урбанистические аспекты: монография /; Харьк. нац. ун-т гор. хоз-ва им. А. Н. Бекетова. – Х.: ХНУГХ, 2014. – 339 с.: ил.
5. Нұрланова Н.Қ., Гайсина С.Н., Мелдеханова М.Қ., Берішев С.Х., Бірімбетова Н.Ж., Киреева А.А. Қазақстандағы монокалаларды әлеуметтік экономикалық дамытудың негізгі мәселелері - Алматы: ҚР БҒМ ҒК Экономика институты, 2012. - 156 б.
6. Слука Н.А. Градоцентрическая модель мирового хозяйства. – М.: Прогресс- Соло, 2005. – 168 с.
7. Тетиор А.Н. Устойчивое развитие города. – М.: Комитет по телекоммуникациям и СМИ Правительства Москвы, 1999. - 323с.
8. Hall, P. G., & Pfeiffer, U. Urban future 21: a global agenda for twenty-first century cities. Taylor & Francis, Abingdon, 2000.
9. Sassen, S. The Global City: New York, London, Tokyo. Princeton: Princeton University Press, 2001.
10. United Nations, Department of Economic and Social Affairs, Population Division. World Urbanization Prospects, the 2015, 2016, 2017 Revision. Population of urban agglomerations with 750,000 inhabitants or more, 1950-2025.
11. Demographia World Urban Areas (World Agglomerations). 8th Annual Edition: Version 2. July 2012.
12. Трейвиш А. От Персеполиса до Франкфурта: постиндустриальная экономика и мировые города // <http://www.ng.ru>

### **Қосымша**

1. Жобалық тақырыптар: «Smart city Almaty»
2. Жобалық тақырыптар: «Жасыл қала»
3. Экскурсиялық тақырып: «Almaty City Tour»
4. Шығармашылық жұмыс: «Әсем қала - Алматы»